

Мұғалжар аудандық мәслихатының 2016 жылғы 12 сәуірдегі № 14 "Мұғалжар ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

### ***Күшін жойған***

Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық мәслихатының 2019 жылғы 28 наурыздағы № 305 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 2 сәуірде № 6028 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 14 желтоқсандағы № 527 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық мәслихатының 14.12.2020 № 527 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 56 бабының 1 тармағының 4) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысының 2 тармағына сәйкес, Мұғалжар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мұғалжар аудандық мәслихатының 2016 жылғы 12 сәуірдегі № 14 "Мұғалжар ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4930 тіркелген, 2016 жылғы 30 мамырда "Әділет" Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің акпараттық құқықтық жүйесінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Мұғалжар ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларында:

2 тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) ""Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақтөбе облысы бойынша филиалы, Мұғалжар аудандық бөлімі (бұдан әрі – уәкілетті үйым);";

8 тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) онкологиялық аурудан зардап шегетін азаматтарға, ҚТВ инфекциясын жүккөткөрған және туберкулездің әртүрлі түрімен ауыратын науқастарға, ай сайын ұсынылатын ауданның медициналық мекемелері берген тізімдерге сәйкес жылына алты айға дейінгі амбулаториялық ем алу мерзіміне, 10 (он) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;";

9 тармақта:

1) тармақшасында:

"200 000 (екі жүз мың)" сандары "300 000 (үш жүз мың)" сандарына ауыстырылсын.

2) тармақшасында "50 000 (елу мың)" сандары "100 000 (жүз мың)" сандарына ауыстырылсын;

15 тармақта:

"аудандық әлеуметтік көмектерді тағайындау және төлеуді қамтамасыз ететін " сөздері алынып тасталсын;

16 тармақта:

"қаланың" сөзі "ауыл" сөзімен ауыстырылсын;

19 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Өмірлік қын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш келіп түскен кезде уәкілдеме орган немесе ауыл, ауылдық округтің әкімі бір жұмыс күні ішінде өтініш берушінің құжаттарын адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін участекелік комиссияга жібереді.";

20 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Участекелік комиссия құжаттарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш берушіге тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 2, 3-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша адамның (отбасының) материалдық жағдайы туралы акті жасайды, адамның (отбасының) әлеуметтік көмекке мүқтаждығы туралы қорытынды дайындайды және оларды уәкілдеме органға немесе ауыл, ауылдық округ әкіміне жібереді.

Ауыл, ауылдық округ әкімі участекелік комиссияның актісі мен қорытындысын алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оларды қоса берілген құжаттармен уәкілдеме органға жібереді.";

23 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Уәкілдеме орган участекелік комиссиядан немесе ауыл, ауылдық округ әкімінен құжаттар келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысын есептеуді жүргізеді және құжаттардың толық пакетін арнайы комиссияның қарауына ұсынады.";

25 тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Қағидалардың 21 және 22 тармақтарында көрсетілген жағдайларда уәкілетті орган өтініш берушіден немесе ауыл, ауылдық округтің әкімінен құжаттарды қабылдаған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды."

2. "Мұғалжар аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Мұғалжар аудандық мәслихатының сессия төрағасы*

*Д. Мұрзатаев*

*Мұғалжар аудандық мәслихатының хатшысы*

*P. Мусенова*

### "КЕЛІСІЛДІ"

"Ақтөбе облысының жұмыспен қамтуды  
үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар  
басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы

\_\_\_\_\_ Қ. Отаров

\_\_\_\_\_ 2019 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК